

Қарағанды мемлекеттік медицина университеті
№1 Қоғамдық денсаулық және денсаулық
сақтау кафедрасы

Тақырыбы: Медициналық қызмет сапасын жақсарту
бойынша денсаулық сақтау стратегиялық жоспары

Орындаған: Аймаханова А.Д.

Тобы: ҚДС 3-001

Қабылдаған: Аубакирова Д.С

Қарағанды 2016ж

Жоспары:

- Кіріспе
- Стратегиялық жоспар
- Негізгі бөлім
- Қазақстан 2030
- Денсаулық сақтау реформасы
- Саламатты Қазақстан бағдарламасы
- Денсаулық бағдарламасы
- Қортынды
- Пайдаланылған әдебиеттер

Стратегиялық жоспар

- «Стратегия» термині, гректердің «Strategos» сөзінен туындаған, аударғанда «генерал өнері» немесе «адамдарды басқару өнері» деген түсініктерді беріп, болашақта мақсатқа бағытталған және шешуші іс-қимыл **ЖИЫНТЫҒЫ.**



Бөлімдері

Ұзақ мерзімді стратегиялық жоспарлар 4 үлкен бөлімдерден тұрады:

- әлеуметтік-экономикалық жағдайдың талдауы;
- әлеуметтік-экономикалық даму концепциясы;
- негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер;
- ұлттық бағдарламалар.

Қазақстан-2030 Стратегиясы

- – ел дамуының 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған стратегиялық бағдарламасы. 1997 жылы қазанда қабылданған. Президент Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдаған арнауында баяндалған.



Денсаулық сақтау реформасы

Мақсаты:

- Денсаулықты көтермелеу мен қорғау бойынша алдын алуға бағытталған шаралардың күшейтілуі, халықтың барлық жіктерінің сапалы медициналық көмекке шынайы қол жеткізуі деңгейін арттыру жолымен халық денсаулығының жай-күйін жақсартуды қамтамасыз ететін денсаулық сақтаудың тиімді әсер ететін жүйесін құру.

Енгізілген өзгертулер мен толықтырулар

1. 1998 жылғы 18 мамырдағы N 3956
2. 1998 жылғы 16 қарашадағы N 4153
3. "Халық денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасы туралы 2005.05.16 N 1573 Жарлығымен қабылданды.

1998 жылғы 18 мамырдағы N 3956

1) бес жасқа дейінгі балалардың жаппай иммунитетін нығайтуға дереу кірісетін болсын;

2) жаңа туған сәбилерге Б вирустық гепатитіне қарсы вакцина егу бағдарламасын іске асыруға, ал дерттену мейлінше көп тараған аймақтарда - балаларға А вирустық гепатитіне қарсы вакцина егуге кіріссін;


3) 1998 жыл ішінде туберкулезге шалдыққан науқастарды Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынған әдістеме бойынша емдеу бағдарламасын енгізсін;

4) жаңа туған сәбилердің жыл сайын иммунитетін нығайтумен толық қамтылуын қамтамасыз етсін;

5) осы мақсаттарға арнап қажетті қаражат бөлінуін көздейтін болсын.

1998 жылғы 16 қарашадағы №4153 жарлығы

1. ана мен баланың денсаулығын қорғау жөніндегі қосымша шаралар кешенін;
2. бөбектерді алты айға дейін тек емшек сүтімен ғана қоректендіруге ынталандыруды;
3. өмір салтын сауықтыруға бағытталған ағарту жұмысын күшейтуді;
бастапқы дәрігерлік-санитарлық көмек сапасын жақсартуды;
4. аймақтық клиникалық оқу орталықтары желісін құруды;
5. емдеудің стационарлық принципінен амбулаторлық принциптеріне кезең-кезеңмен көшуді;



6. емдеу-профилактикалық мекемелерінде, айрықша босануға жәрдем беру мекемелерінде асептика мен антисептика шараларының бұлжымай сақталуын;

7. мемлекеттік емдеу-профилактикалық мекемелерін қазіргі заманғы жабдықпен қамтамасыз етуді;

8. дәрігерлік білім беру, кадрларды, соның ішінде әкімшілік кадрларын даярлау және қайта даярлау жүйесін жақсартуды;

9. денсаулық сақтау саласында ғылыми зерттеулер көлемін ұлғайту мен оның сапасын арттыруды;

10. халық арасында профилактикалық жұмысты күшейтуді;

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005.05.16 Халық денсаулығы бағдарламасы:

- Мақсаты:
- 1. Денсаулық сақтау ісін басқару жүйесін жетілдіру.
 2. Медициналық қызмет көрсету жүйесін көп укладты және көп деңгейлі жүйеге айналдыру.
 3. Денсаулық сақтау ісіндегі қаржыландыру мен экономикалық қатынастар жүйесін өзгерту.
 4. Медициналық кадрлар даярлау жүйесін реформалау.
 5. Денсаулық сақтау ісінің материалдық-техникалық базасын нығайту.
 6. Медициналық қызметтер көрсетуде бәсекелестік орта құру.

Қарастырады

- 1. Әлеуметтік маңызы бар аурулардың және қоршаған орта үшін қауіпті аурулардың пайда болуы мен дамуын болдырмайтын алдын алу шараларын күшейту
- 2. Салауатты өмір салтын қалыптастыру қызметін нығайту
- 3. Халыққа медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыруды жетілдіру. Алғашқы медициналық санитариялық жәрдемді нығайту, отбасылық медицина дәрігері практикасын дамыту
- 4. Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді жетілдіру. Қазақстан Республикасының фармацевтикалық және медицина өнеркәсібін дамыту
- 5. Қоршаған ортаның мониторингін және халықты сумен қамтамасыз етудің жай-күйін жетілдіру

Қарастырады

- 6. Халықтың сапалы азық-түлік өнімдеріне қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау
- 7. Әлемде өзін ұтымды көрсеткен және ДДСҰ ұсынған жаңа емдеу әдістерін енгізу жолымен емдеу процесін ұйымдастыруды жақсарту
- 8. Халыққа сапалы медициналық көмек көрсетуді қамтамасыз ететін қаржыландыру жүйесін құру
Денсаулық сақтау жүйесін басқаруды жетілдіру
- 9. Медициналық білім беру жүйесін жетілдіру, отандық медицина ғылымының дамуына қолдау көрсетілуін қамтамасыз ету

"Саламатты Қазақстан" Мемлекеттік бағдарламасы

- 2010 жылғы 29 қарашада Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы туралы» Жарлыққа қол қойды.
- Осы Мемлекеттік бағдарлама «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы №922 Жарлығын іске асыру мақсатында бекітілген.

Мақсаты:

- Мемлекеттік бағдарламаның негізгі мақсаты елдің орнықты әлеуметтік-демографиялық дамуын қамтамасыз ету үшін Қазақстан азаматтарының денсаулығын жақсарту болып табылады.




Кезеңдері:

2011 - 2015 жылдар

бірінші кезең: 2011 - 2013 жылдар

екінші кезең: 2014 - 2015 жылдар



Нысаналы индикаторлар:

- Халықтың күтіліп отырған өмір сүру ұзақтығының 2013 жылға қарай 69,5-ке дейін, 2015 жылға қарай 71 жасқа дейін ұлғаюы
- Ана өлім-жітімінің 100 мың тірі туылғандарға шаққанда 2013 жылға қарай 28,1-ге дейін, 2015 жылға қарай 12,4-ке дейін төмендеуі;
- Нәресте өлім-жітімінің 1000 тірі туылғандарға шаққанда 2013 жылға қарай 14,1-ге дейін, 2015 жылға қарай 11,2-ге дейін төмендеуі;
- Жалпы өлім-жітімінің 1000 адамға шаққанда 2013 жылға қарай 8,14-ке дейін, 2015 жылға қарай 7,62-ге дейін төмендеуі;

Нысаналы индикаторлар:

- Туберкулезбен сырқаттанушылықтың 100 мың адамға шаққанда 2013 жылға қарай 98,1-ге дейін, 2015 жылға қарай 71,4-ке дейін төмендеуі;
- 15-49 жас аралығындағы топта АИТВ-инфекциясының таралуын 0,2 – 0,6 % шегінде ұстау;
- I-II сатыда анықталған қатерлі ісіктердің үлес салмағының 2015 жылға қарай 55,1 %-ға дейін ұлғаюы;
- Қатерлі ісіктері бар науқастардың 5 жылдық өмір сүру үлес салмағының 2015 жылға қарай 50,6 %-ға дейін ұлғаюы


Нәтиже:

- - күтілетін өмір сүру ұзақтығының 71,62 жасқа дейін өсті (2010 жылы 68,41 жас);
- - халықтың жалпы өлім-жітім көрсеткішінің шамамен 15,3%-ға дейін төмендеді (2010 жылы 1000 тұрғынға шаққанда 8,94, 2014 жылы –7,57);
- - туу көрсеткіші 2,6%-ға өсті (2010 жылы 1000 тұрғынға шаққанда 22,54, 2014 жылы – 23,13);
- - ана өлімі 1,9 есеге азайды (2010 жылы 100 мың туылғандарға шаққанда 22,7, 2014 жылы– 11,7);

Нәтиже:

- - сәби өлімі 1,7 есеге төмендеді (2010 жылы 1000 тірі туған балаларға шаққанда 16,58, 2014 жылы – 9,72);
- - халықтың туберкулезбен сырқаттануы 30,3%-ға азайды (2010 жылы 100 мың тұрғынға шаққанда 95,3, 2014 жылы – 66,4) және одан болатын өлім 2 еседен астам азайды (2010 жылы 1000 тұрғынға шаққанда 10,6, 2014 жылы – 4,9);
- - АИТВ/ЖИТС-тың таралуын концентрациялы сатыда ұстап тұру (2014 жылы – 0,2%).

- Қазақстан Республикасы Президентінің **2016 жылғы 15 қаңтардағы Жарлығымен денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы бекітілді.**



Нысаналы индикатор

- Негізгі нысаналы индикатор күтілетін өмір сүру жасының деңгейін **2020 жылға дейін 73,0** жасқа жеткізу болып анықталды.



- 1. Ана мен нәресте өлімін төмендету (*100 мың тірі туылғандарға 9,75, 100 мың тірі туылғандарға 7,49*);
- 2. Жарақаттанудан, жазатайым жағдайлардан және уланудан өлімді төмендету (*100 мың адамға 79,9*);
- 3. Қанайналым жүйесі ауруларынан өлімді төмендету (*100 мың адамға 158,55*);
- 4. Қатерлі ісік ауруларынан өлімді төмендету (*100 мың адамға 70,0*);
- 5. Туберкулезден өлімді төмендету (*100 мың адамға 1,7*);
- 6. Жедел, шұғыл медициналық көмекті және санитарлық авиацияны дамыту.

Пайдаланылған әдебиет

- <http://zdrav.zhetysu.gov.kz/kz/gosudarstvennye-programmy/162-densauly-sa-tau-salasy-damytudy->
- <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P010000768>
- <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1000001113>

Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі: ӘДІЛЕТ